

ОЙЫЛ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті

АБАЙ - РУХАНИ РЕФОРМАТОР

10 тамызда ұлтымыздың ұлы ақыны, ойшыл тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Бұдан ширек ғасыр уақыт бұрын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде өткізілген еді. Бұл торқалы той – сол тамаша дәстүрдің жалғасы. Былғы мерейтойға орай бірқатар іс-шара жоспарланған болатын. Бірақ өлемді жайлаған індетке байланысты соның көпшілігін онлайн форматқа ауыстырдық. Өрине сан сынақтан сүрінбеген халқымыз бұл дертті де жеңеді. Қиындық өтпелі, ал Абай мұрасы мәңгілік. Менің тапсырмам бойынша Үкімет оныншы тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді (бірақ жұмыс күні болып қала береді). Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуға. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз. Біз ұлы ойшылдың енегелі өмірі мен тағалымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды. Мен бұл жөнінде «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақалада кеңінен айттым. Былғы жыл халықаралық «Абай жылына» айналды. Өлемнің көптеген еңбектері оның шығармашылығына назар аударуда. Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы жаһандық деңгейде аталып өтуде. Ақынның баға жетпес мұрасын ұғындыру және дәріптеу – азаматтық парызымыз. Өйткені Абай – өлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс. Қазір ақынның еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу үшін қажет және мақсатты жұмыстар қолға алынууда. Оның шығармалары өлемнің он тіліне аударылып, баспаға әзірленді. Бұл кітаптар жүзден астам елдің кітапханалары мен мәдени орталықтарына жіберілді. Бірқатар шетелдік аудармашыларға, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушыларға менің Жарлығыммен мемлекеттік награда берілді. Абай рухын ұлықтау шаралары жалғасуда. Шетелдегі елшіліктеріміздің жанынан Абай орталықтары ашыла бастады. Ақынның шығарма шылығын жүйелі зерттеу үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан Абай академиясы құрылды. Біз бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін Абай мұрасын естен шығармауымыз



керек. Себебі ұлт ретіндегі жаңа идеясы да оның көзқарасымен үндесіп жатқаны анық. Келесі жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз. Бірақ кезінде ұлы ойшылды қатты толғандырған кейбір келеңсіздіктер қоғамда өлі де кездеседі. Өкінішке қарай Абай айтқан «бес дұшпаннан» толық арылып болған жоқпыз. Азаматтарымыздың арасында жалқаулықпен сөзуарлық жиі кездесетіні қынжылтады. Бұлар бұрынғыша тойқұмарлықтан тартынбай, күнделікті тынымсыз тірлікті дәріптеудің орнына, өрбір қоғамдық оқиғадан саяси астар іздейді де отырады. Абай халықты той тойлауға емес, еңбек етуге, рухани кемелденуге шақырды. Абайдың ұлағаты әлі күнге дейін маңызды да, құндылығын жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз оның терең ойларына, келешектің келбетіне үңілген көрегендігіне таңырқаудан жалыққан емеспіз. Абай ілімі бүгінгі бірқатар бағыттарға орайлас келеді. Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл өлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындай аламыз. Заман талабына сай білім алу интел-лектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Екінші, тәрбие мәселесі. Сондықтан, ескелең ұрпаққа дұрыс бағыт берген жөн. Ақынның «Паида ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін ердайым санаға сіңіру қажет. Үшінші, жаңа көсіп игеру. Ақын өр қазақ өз ісінің шебері болса деп армандады. Әсіресе бәсекелестікке толы алмағайып заманда мұның мәні зор. Абай: «Мал керек болса, қол өнер үйренбек керек. Мал жұтпайды, өнер жұта майды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз.

Байлық-тың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте. Төртінші, ынтымақ мәселесі. Абай ердайым қоғамның берекесі-бірлігін арттыруға ден қойды. Ол «Бірінді, қазақ, бірін, дос, көрмесен істің – бәрі бос» деп, елді татулыққа шақырды. Біз аса күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мейіп мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кемеңгердің де жан-жүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Сондықтан бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр. Абай енегесінің құны деуір алмасқан сайын артпаса, кемімейді. Ол баршаға түсінікті өрі күллі адамзатқа ортақ. Оның қара өлең болып өрілген және қара сөз болып тегілген оралымды ойлары әлі күнге дейін өмірлік бағдар болып келеді. Ұлтының болашағы үшін қам жеген ұлы ойшыл күллі жұртшылықты да махаббат пен мейірімге үндеді. Ақынның осындай адамгершілік қағидаттары еліміздің бүгінгі ұрпақтары үшін де аса қажет. Мемлекет тәуелсіздік жағдайында ұлттық сананы қайта жаңғыртуға және жаһандану өзгерістеріне осындай адамгершілік қағидаттары басымдық беріп отыр. Ұлы данышпан елдік мүддені ердайым жоғары қоюға, алған білім мен тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырды. Бүкіл адамзат үшін даму үрдісін осындай ұстаным арқылы ұғыну ердайым маңызды болмақ. Абай – біздің ұлтымыз бен жұртымызды тандудың төте жолы. Ұлы ақын бізге мәзмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың рухани азығына айналған мұра қалдырды. XXI ғасырға қадам бассақ та, Абайдың көзқарасы заманауи

ізілік қағидаттарына және Қазақстан қоғамының басты құндылықтарына, оның бірлігі мен берекесіне толықтай сай келетіндігіне тағы да бір мәрте көз жеткіземіз. Ұлы данышпан ұлттың рухани мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлтылығы да осында. Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, түп негізімізге үңіліп, ұлттық ұстанымымызды іздеген көп теген ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» деген болатын. Бұл тұжырым бізді ақын өлеміне терең бойлауға, жаңаша ойлауға міндеттейді. Қазір елімізде абайтанумен айналысатын бірнеше ғылыми-зерттеу орталығы бар. Осылардың жұмысын жүйелеп, елордамыздағы Абай академиясының төңірегіне топтастырған жөн. Академия барлық зерттеу мекемелерінің жұмысын ғылыми тұрғыдан үйлестіруші міндетін атқара алады. Алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлініс бөлшегі ретінде «Абайтану» курсы оқыту мәселесін қолға алу керек. Жаңа философиялық және саяси ұстаным тұрғысынан «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеу қажет. Сондай-ақ Абайдың «толық адам» ілімі жан-жақты өрі терең зерттелуге тиіс. Біз Абайды XIX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде өлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз. Түптеп келгенде, өрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс! Халқымыздың ұлы перзентінің торқалы тойы құтты болсын!

НҮРЖАУҒАН ҚАЛАУОВ

ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫСПЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Н.ҚАЛАУОВ ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ ОЙЫЛ АУДАНЫНА ИССАПАРМЕН КЕЛДІ. БҮГІНДЕ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ, СОНЫҢ ІШІНДЕ АҚКЕМЕР, КӨСЕМБАЙ, ҚАРАКЕМЕР, АҚШАТАУ АУЫЛДАРЫНА АУЫЗ СУ ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР. ОБЛЫС БАСШЫСЫ ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИН ӨҢІРДЕГІ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН САПАЛЫ ЖӘНЕ УАҚЫТЫНДА АЯҚТАП ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БЕРУДІ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН. БҮГІНДЕ ЖҰМЫС БАРЫСЫ 80 ПАЙЫЗГА АЯҚТАЛЫП ҚАЛҒАН. СОНДЫҚТАН ДА МЕРДІГЕРЛЕРГЕ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ АЯҒЫНА ДЕЙІН БАРЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТАПСЫРЫЛҒАН.



Иссапар барысында Нұржауған Қалауов жаңадан салынып жатқан дене шынықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысып, құрылысшылардың қарқынды еңбек етіп жатқанын айтты. Ойыл ауданында тарихи орындарды күрделі жөндеуден өткізіп ел игілігіне беру жұмыстары жүргізілуде. Күрделі жөндеуді қажет ететін ғимараттардың бірі - Шербану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының жанында орналасқан көне ғимарат. Облыс басшысының бірінші орынбасары ол жерге де ат басын тіреп, жөндеу жұмысымен

Венера АСҚАРҚЫЗЫ, Ойыл селосы.

САЯСИ КЕҢЕС ҚҰРАМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

ЖУЫРДА «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚИЛИАЛЫНЫҢ XXXVIII КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ОТТІ.



Конференция жұмысына аудандық депутаттары - фракция мүшелері, мемлекеттік органдар басшылары, бастауыш партия ұйымдарынан сайланған делегаттар, «Жас Отан» ЖК мүшелері қатысты. «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының төрағасы, аудан өкімі Асқар Қазыбаев төрағалық еткен конференцияның күн тәртібінде үш

біндегі екінші мәселе бойынша алдын ала ұйымдастыру жұмыстарының Ақтөбе облыстық филиалының онлайн форматында өтетін конференциясына қатысатын делегаттар бекітілді. Ал, үшінші мәселе бойынша «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының Саяси кеңес құрамына өзгерістер енгізілді. Конференция соңында Ойыл аудандық партия



мәселе қаралды. Бірінші мәселе бойынша «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолин «Nur Otan» партиясының праймеризін өткізу жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы баяндама жасап, бірлесіп атқарылатын жұмыстардың барысымен таныстырды. Күн тәрті-

филиалы Саяси кеңесі Бюросының және «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңесінің жаңа құрамы бірауыздан сайланды.

Өз тілшіміз.

ЖЕРЛЕСТЕР ТАРТУЫ - ӨТЕ ҚАТ ҚҰРЫЛҒЫ

ҚЫСЫЛТАЯҢ ШАҚТА БІР ЖЕҢНЕН ҚОЛ, БІР ЖАҒАДАН БАС ШЫҒАРЫП ЕЛ ӨЛЕУЕТІН ӨЛДЕНДІРУГЕ АУЫЛДАН ТҮЛЕП ҰШҚАН ТҮЛЕКТЕР АТ САЛЫСУДА. ӨЛЕМДІ ЖАЙЛАҒАН ІНДЕТТЕН ЕЛІМІЗДІҢ АЗАМАТТАРЫ ДА ЗАРДАП ШЕГУДЕ. ЕЛІМ ДЕП ЖҮРГЕН АРДА АЗАМАТТАР ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ҚОЛДАН КЕЛГЕН КӨМЕКТЕРІН ҰСЫНУДА. СОЛ ІЗГІ БАСТАМАЛАРДЫҢ ТАҒЫ БІР ЛЕГІ ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ. 1963 ЖЫЛҒЫ ФАКИЗАТ СҮЛЕЙМЕНОВАНЫҢ «Б» КЛАССЫ АТЫНАН АУДАНЫҚ АУРУХАНАҒА 1980 МЫҢ ТҰРАТЫН «МОНИТОР ПАЦИЕНТА ВМ-1» АППАРАТЫНЫҢ 2 ДАНАСЫ ТАРТУ ЕТІЛДІ. «МОНИТОР ПАЦИЕНТА ВМ-1» АППАРАТЫ АУРУДЫҢ ДЕНЕ ҚЫЗУЫН, ҚАН ҚЫСЫМЫН, ТЫНЫС АЛУЫ МЕН ТОЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ӨЗІ БАҚЫЛАП ТҰРАДЫ. БҮЛ АППАРАТ ЕМДЕЛУШІЛЕР ҮШІН ТАПТЫРМАЙТЫН ҚҰРАЛДАРДЫҢ БІРІ. ҚҰРЫЛҒЫНЫ АУРУХАНАНЫҢ БАС ДӘРІГЕРІ СӘНДІБЕК НҮРБАЕВҚА ТАБЫСТАДЫ.



дәрігері Сәндібек Нұрбаевтың айтуына қарағанда жақсы істің жаршысы болған тұлғалармен ақылдаса отырып ауруханаға тапшылығы сезілетін осы аппаратты алуды жөн көрген екен. «Емделушілердің қан қысымынан бастап барлық ағзасындағы болып жатқан процесті қарап бақылап отыруға болады, бұл біз үшін үлкен көмек. Ауыр жағдайда жатқан науқастарды жіті бақылауда ұстап отыру үшін аса қажет құрылғылардың бірі. Медициналық пандемияға байланысты жан-жақта келіп жатқан көмектер өте көп. Өңірден шыққан азаматтарды халық-

тың денсаулығына бей-жай қарамай, жандар ауруханаға қандай көмек қажет екендігін алдын ала сұрап ұсынып жатқаны қуантады. Айсулу алай бастаған бір топ жанашыр

Құтты мекеннің ауасын жұттып, топырағына аунал қунап өскен бап балапықтың мәтмі естеміктерін әдемі қалыпта санаға сақтауына севенкер болған туған жеріңіз қасиетіне түпкертөргің ризашылығы қашан да шексіз. «Әр қазақ менің жалғызым» - құлтын асыл азаматтар халық үшін игі іс жасауға әрқашан қайың!

Венера АСҚАРҚЫЗЫ, Ойыл селосы.

АУДАНДА «АУҚЫМДЫ ДЕНГЕЙДЕ» «ШӨП ЖӘРМЕҢКЕСІ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ АУДАНЫМЫЗДА ТҮРҒЫНДАР ҮШІН ШӨП ЖӘРМЕҢКЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ЖӘРМЕҢКЕГЕ АУДАНҒА ҚАРАСТЫ ӨР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕН ТЕНДЕП, ШИЫРШЫҚТАП БУЫЛҒАН ШӨП ӨКЕЛІНДІ.



Таңертемен басталған мал азығы жәрмеңкесіне 3 камаз тіркемесімен, 2 трактор тіркемесімен, 5 газель, 3 «Газ-53» көлік шөп шығарылды. Алайда өр округтен ағылып келген мал азығы көп кешікпей өтіп кетті. Аталған жәрмеңкеге аудан өкімі арнайы қатысып, қысқы мал азығын тұрғындар ерте қамдап алу керектігін жеткізе, аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Сүйіндік Өскенбаев күздің жауын-шашынды күндері мал азығын тасымалдау қиындық тудыратынын баса айтып, тұрғындар осындай сәтті пайдаланып қолжетімді бағадағы мал азығын мейлінше ылдым-жылдым түсіріп алуға шақырды. Қазір шөптің

бағасы тұрақты.

Тендеп буылған шөп - 350 теңге болса, шиыршықтап буылған шөптің бағасы 3500 теңге. Бұл мал бағып отырған жандар үшін үлкен мүмкіндік. Себебі жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, бұл баға «Қыстың қамын жаз ойлан» қамы. Егер күн суып, арты жауын-шашынға ұласатын болса, шөп дайындаушылардың да еңбегіне біз тосқауыл бола алмаймыз», - дейді. Сондықтан ашық-жарықта мал азығын ауламызға түсіріп алуға асығайық ағайын. Жәрмеңке алдағы уақытта өр аптаның сенбісінде өтетін болады.

Муса ӨДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

БІЗДІҢ АУДАНДА МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ МАУСЫМ АЙЫНЫҢ БАСЫНАН БАСТАЛДЫ. БИЫЛ АУДАН БОЙЫНША 201,5 ТОННА МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЛАНСА, ҚАЗІРГІ КҮНДЕ 162,3 ТОННА ШӨП ДАЙЫНДАЛДЫ.



Осы орайда біз аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Сүйіндік Өскенбаевтан арнайы мәліметтер алған болатынбыз. Сала басшысы мал азығын дайындау науқанында бірнеше рет болып, мал азығының дайындалу барысын үнемі бақылауында ұстап келеді. Нәтижесінде биыл, мал азығын дайындау ісі ауданның Қайыңды, Қарайы ауылдық округтерінде қарқын алып отыр. Оған қоса, Қаратал, Сарбие ауылдық округіндегі шаруа қожалық иелерінің де ісі өнімді. Мал азығын дайындауда Саралжын, Ойыл ауылдық округтері де тоқтаусыз жұмыс атқаруда. Ал, Көптоғай ауылдық округінде шөптің шығымы төмен. Қазіргі таңда, Саралжын, Қайыңды ауылдық округтерінен «Мұрагер», «Елдос», «Есбол», «Сағын» шаруашылық иелері ашық күнді қолайлы пайдаланып, Көптоғай ауылдық округі тұрғындарын мал азығымен қамтып жатыр. Анығын айтсақ, ауданда 2250 аула болса, 576 аулаға мал азығы

түсіп тұр. Бұл көрсеткіш 25,6 пайызды құрайды. Ал, қыстақтарға 56 мың тонна мал азығы тасылды. 2019-2020 жылдың қысына дайындалған мал азығының қалғаны 33,7 мың тонна. Шөптің бағасы өр ауылдық округтерде өртүрлі. Бағасы да қолжетімді. Алайда тұрғындардың ауласына қысқы мал азығын түсіріп алуы деңгейі орташа. Оның басты себебі тілсіз жау, яғни өрттің өріс алуы. Соның салдарынан кейбір тұрғындар шөпті жайырақ түсіруге бейімделген. Әрине, «Сақтансаң сақтаймын» деген бекерге айтылмағанымен күздің ызағары ерте соғып, қыс жайсыз болатын болса, шөп тасымалдау одан да бетер қиынырақ болуы өбден мүмкін. Сондықтан мал басының амандығы үшін мал азығын ауламызға ертерек түсіріп алу, басты міндетіміз. Өйткені көп шығынмен, көп еңбекті талап ететін мал азығын дайындау басты мәселе.

Муса ӨДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Қоғамдық мал басын өсіру, одан алынатын өнімдерді арттыру ең бірінші шаруашылықтың жоғары сапалы жем-шөппен қамтамасыз етілуіне байланысты. Мол да сапалы табиғи мал азығын дайындауға еңбекті механикаландыру дәрежесі елеулі түрде ықпал етеді. Сондықтан шаруа қожалықтардың басшылар науқан басталмас бұрын техниканы жөндеуден өткізіп, сапқа қоюға баса көңіл бөлу қажет.

Мал азығын дайындау кезінде ысыраққа жол бермеудің үлкен маңызы бар. Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармаймыз. Атап айтқанда олар мыналар:

- жұмылдырылатын техникаларды жаракты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау;
- агрегатта және оның, айналасында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу;
- тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықтауы;
- электр-газ дәнекерлегішін қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу;
- ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындау;
- ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдыкталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдыкталады;
- Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау кимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау

мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады;

Мыналарға:

- 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;
- 2) электр жеткізу желілерінің астына;
- 3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жемшөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Бұл ережелер мал азығын дайындауға ат салысып жүрген өрбір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауды бақылау өрбір қожалық иелерінің міндеті.

Сондықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қауіпін сақтану мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау қажет. Әрине, өңгіме арқауы осы байлық көздерін кездейсоқ оқиғалардың бірі – өрт қауіпін сақтау баршаамыздың ортақ міндетіміз болуға тиіс. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаумен қатар оны өрттен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын ережелермен талаптарды орындамау ҚР ӨҚБТК-ы бойынша өкімшілік жауапкершілікке тартылатындықтарын ескертеміз.

Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып (қоңырау шалу ақсыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

kazinform



ҚАЗАҚСТАНДА КАРАНТИН РЕЖИМІ КЕЗЕҢІНДЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қазақстанда карантин режимі кезеңінде эпидемиологиялық жағдай тұрақтанды, медицина ұйымдарының жүктемесі біршама азайды



Жазылып кеткендердің саны **63** пайыздан асты



Вирус жұқтырудың тәуліктік өсімі **4 пайыздан 1,7 пайызға** дейін азайды



Ауруханалардағы орындардың жүктелуі **46 пайызға** дейін төмендеді



Жедел жәрдемді шақыру бойынша көрсеткіш **38 пайызға** төмендеді

Барлық өңірлер дәрі – дәрмектің жеткілікті қорымен қамтамасыз етілген



ҚАЗАҚСТАНДА КОРОНАВИРУСТЫҢ РЕПРОДУКТИВТІК КӨРСЕТКІШІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ,

БҰЛ КӨРСЕТКІШ **24 ПАЙЫЗҒА, ЯҒНИ, 1,2-ДЕН 0,89-ҒА** ДЕЙІН ТӨМЕНДЕДІ.

ҚАТАҢ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫН ЕНГІЗГЕНГЕ ДЕЙІН РЕПРОДУКТИВТІК КӨРСЕТКІШ **1,2 БОЛҒАН** ЕДІ.

3 ТАМЫЗДАҒЫ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША 93 820 НАУҚАС ТІРКЕЛІП, ОНЫҢ 27 597-СІ ЕМ АЛЫП ЖАТЫР.



4 АПТАЛЫҚ КАРАНТИН КЕЗІНДЕ ТӨСЕК-ОРЫН 56 ПАЙЫЗҒА БОСАДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ ТӨСЕК-ОРЫНДАР 36 ПАЙЫЗҒА ҚЫСҚАРДЫ.

МАСКА ТАҒУ БОЙЫНША

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, МАСКА ТАҒУДЫҢ МУЛЬТИПЛИКАТИВТІ ӘСЕРІ БІР АЙДАН КЕЙІН ВИРУСТЫҢ ТАРАЛУЫН ТӨРТ ЕСЕГЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТЕДІ.



ҚАЗАҚСТАНДА СТАЦИОНАРЛАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕСІ **36%-ҒА** ДЕЙІН АЗАЙДЫ.

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТЫНА СӘЙКЕС, ӨТКЕН АПТА ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША РЕПРОДУКТИВТІЛІК ДЕНГЕЙІ МЫНА ОБЛЫСТАРДА 1-ДЕН ТӨМЕН ЕКЕНІ БАЙҚАЛДЫ:

АТЫРАУ, АҚТӨБЕ, ҚЫЗЫЛОРДА, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, ТҮРКІСТАН, ПАВЛОДАР ОБЛЫСТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ НҰР-СҰЛТАН, ШЫМКЕНТ, АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫ.

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ АҚМОЛА ОБЛЫСТАРЫНДА ВИРУСТЫҢ РЕПРОДУКТИВТІЛІК ДЕНГЕЙІНІҢ КӨРСЕТКІШІ 1-ДЕН ЖОҒАРЫ.

ТЕМІРБЕКТИҢ ҚИЯРЫНА СҰРАНЫС КӨП

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АУДАНЫҢ ШАРУА БАҚҚАН АЗАМАТТАРЫ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ БАҒБАНДЫҚ КӘСІПКЕ ДЕН ҚОЯ БАСТАДЫ. БҰҒАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ОСЫ САЛАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУЫ СЕБЕП БОЛЫП ОТЫР. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА «БОЛАШАҚ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТЕМІРБЕК ЖАУЫНБАЕВ ТА БАР.



Шаруашылығын алғашында мал бағумен бастаған ол, шаруашылық жеріне қосымша бау-бақша салды. Шағын жерден мол өнім алған Темірбек Жауынбайұлы қара жұмыстан қашпай, қара жерден нәпаха табуға болатынын байқады. Десе де, топырақты күтіп-баптап, несібесін қара жерден теру Темірбектің ұзақ жылдардан айналысып келе жатқан кәсібі емес. Алайда бес жылдан бері осы салаға машықтанған ол биыл 7 гектар жерге қарбыз, қауын, қияр, қызанақ, картоп сынды бау-бақша дақылдарын еккен. Өнімдерінің шығымы асып-тасып жатпағанымен түсімі жаман емес. «Бұрын қарбыздың түсімі жақсы болатын. Бір қарбыздың 22 килограмма дейін тартқан кездері болды. Биыл күннің ыстығы мен өзен суының азайып, ашып кетуі де кері әсерін тигізіп отыр. Бірақ бір қуанарлығы қияр

жақсы шықты. Әзірге қызанақтарым қызара қоймады. Қауындарымды енді-енді шығарып, сатып жатырмын», - дейді Темірбек Жауынбайұлы. Иә, расында бау-бақша өнімдерін күтіп-баптау үлкен еңбекті талап етеді. Сондықтан өз қаражатымен бау-бақша салып, несібесін жерден теріп отырған жігіт бүгінгі күнде екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Қазір пісіп жетілген өнімдерін жинап, сатып жатыр. Оның айтуынша, тұтынушылар жақтан қарбыз бен қиярға сұраныс жоғары. Бұл өнімдерді көп күттірместен сатып өкешіп жатады. Себебі ешбір қоспасыз күтіп бапталған таза өнімнің дәмі де ерекше болатыны сөзсіз. Қазіргі мезгілге сай жергілікті тұтынушыларды сұранысқа ие сапалы өніммен қамтып отыр.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

АРХИВ МЕМЛЕКЕТ ТАРИХІН САҚТАУШЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ АРХИВИ - АУДАН ТӨРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАРДЫҢ БІРІ. МҰНДА АУДАНЫМЫЗҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТАР ҚОРЫ САҚТАЛАДЫ. «БІЗДЕРДІ ДЕ ОЙЛАЙТЫН ЖАН БОЛСА ЕГЕР, ШАҢ БАСҚАН АРХИВТЕРДЕН ТАБЫЛАМЫЗ» - ДЕП МҰҚАҒАЛИ АҚЫН ЖЫРЛАҒАНДАЙ, ӨТКЕНІ ЖОҚ ЕЛ, ТАРИХЫ ЖОҚ ХАЛЫҚ БОЛМАЙДЫ. ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТ ТАРИХІНЫҢ ҚАЛЫПТАСУДАҒЫ РОЛІ ӨТЕ ЗОР. ОЛАР ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ЖАДЫН БІР ТАЛДАП ЖИНАП, ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ҮШІН САҚТАЙДЫ.

Архив халық үшін құрылды, сонымен қатар әр адам өз қажеттілігімен архивтен көмек алу үшін келеді. Архив қызметкерлері іс жүргізу сұрақтары бойынша кеңес беріп, жеке және заңды тұлғаларға архивте сақталған қажаттар бойынша еңбек өтілін растауы, төлем ақы есептеуін, атауларын өзгерту немесе ұйымның қайта ұйымдастыруы және тағы басқа сұрақтарды «Архив анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету арқылы орындайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес бекітілген «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидасының екінші тарауында мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бойынша жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына не «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ойыл аудандық архиві 2020 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында шет елдерден, облыстардан, аудандардан келіп түскен 97 азаматтың өтініштеріне қызмет көрсетті. Оның ішінде 74 өтініш қанағаттандырылып, 23 өтінішке түсініктеме анықтамасы берілді.

А.ОҢҒАРБАЕВА, Ойыл ауданының мемлекеттік архивінің архивісі.

COVID-19: Қазақстанда экспресс-тесттен кім өте алады?

Анамнезінде (аурулар тарихы) соңғы екі айда ауырғаны жайлы мәлімет болса немесе қазіргі уақытта ЖРВИ, пневмония, ЖРА белгілері бар қауіп топтарындағы барлық адамдар:

1. Коронавирус таралуының алдын алу іс-шараларына қатысатын тұлғалар: жедел жәрдем саласының медициналық қызметкерлері, амбулаториялық-емханалық ұйымдардың, стационарлардың қабылдау бөлімшелерінің қызметкерлері.
2. Медициналық көмек көрсетуге тікелей қатысатындар
3. Тыныс алу органдарының ауыр созылмалы ауруларымен диспансерлік есепте тұрған тұлғалар
4. Ауруханаға жатқызылмаған респираторлық симптомдары (ЖРВИ, пневмониялар, ЖРА) бар науқастар
5. Ауру жұқтырған адаммен байланыста болғандар
6. Автоөткелдер мен темір жолдары мемлекеттік шекарадан өткізу бөлімшелері арқылы Қазақстанға сапарлап келетін азаматтар
7. Коронавирус таралуының алдын алуға қатысатын орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметкерлері (ІІМ, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардия, ҰҚК, Кеден қызметі, әкімдіктер қызметкерлері)
9. Тек эпидемиологиялық көрсеткімдер бойынша өзге тұлғалар



© «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2020 жыл



ЖЕКЕНДІДЕ САЙРАП ЖАТЫР «ІЗДЕРІ»

«ҚЫЗ – ЖАТ ЖҰРТТЫҚ» ДЕГЕН, ӨЗ БАҚЫТЫМ ҮШІН ЖАЛҒЫЗ АНАМДЫ, КІНДІК ҚАНЫМ ТАМҒАН, ӨЗІМ ҮШІН ЖЕРДІҢ ЖУМАҒЫ, ТҮЫП-ӨСКЕН «САРБИЕ» АТАНЫП, СОҢЫНАН ЖЕКЕНДІ СОВХОЗЫ БОЛҒАН АУЫЛЫМДЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІР БАЛАСЫНА АИЫРБАСТАП КЕТКЕНІМЕ ДЕ, МИНЕ, 40 ЖЫЛ БОЛЫПТЫ.



Ертелі-кеш бітпейтін ауыл тіршілігін көріп өстім. Ондағы туыстар, ағаларым мен жеңгелерім, қариялар мен ақ жаулықты аналар, бірге өскен құрбыларым көз алдымнан бір сәт кеткен емес. Бүгін, міне, бір кезде ауылдың көркі болған, қыз-жігіттермен еңбек майданында бірге жүріп, біте қайнасқан мен, 65-ке толған шағымда сағынышпен ойша ауылға қайта оралып отырмын.

Сонау бір 1979 жылдары совхоз директоры Сәрсенғали Балапашев ағаның қарамағында комсомол жетекшісі болған сәттерімнен естелік жазам деп ойлаппын...

Бәрі де аяқ астынан болды. Бейтаныс нәмірден өзін: «Ақтөбе-денмін. Журналист Іңкәр Сабырқызы деп білерсіз. Сіз 1995 жылы «Ақтөбе» газетіне «Айтылмаған аманат» деген Жекенді совхозының директоры Сәрсенғали Балапашев туралы мақала жазған екенсіз. Биыл сол кісінің қайтыс болғанына 25 жыл толып отыр. Соған байланысты бірге жұмыс істеген болсаңыз, естелік жазсаңыз қалай болады?» - деді өтініш білдіргендей.

Бұл мен үшін тосынсыз болды. Алланың Сәрсенғали аға сияқты асыл ағаны еске түсіруге мүмкіндік жасағанына шын жүрегімнен қуандым.

Сәрсенғали Балапашев аға біздің Жекендіге 1979 жылы совхоз директоры болып келді. Мен ол кезде комсомол жетекшісі болып қызмет ететінмін. Өкінішке қарай, мен бір жыл ғана қызметтес болдым да тұрмысқа шығып кеттім. Өрине, маған жұмбақ, мен білмейтін жақсы қасиеттері толып қатқан болар. Бірақ осы қызметтес болған аз уақыттың ішінде Сәрсенғали ағаның асыл қасиеттерін көріп те, түйсініп те, үлгі алып та үлгердім.

қайырымдылығыңнан айырылсаң, бөрінен айырылғаның» - деген екен.

Сәрсенғали ағаның бойындағы ең абзал қасиет – қарапайымдылығымен қоса қайырымдылығы мен мейірімділігі. Өте жайлы кісі болатын. Еш уақытта түтігіп, ашуланып, айқай салып жатпайтын. Сөзі мен ісінде алшақтық жоқ, ұстамдылығы, төзімділігі мол, мінезге бай адам еді. Кей істерінің шешімін таба алмай отырған кездерінде темекіні үсті-үстіне тартып, ұзақ ойланып отыратын. Темекі тартысы ма, өлде мұрты ма, өлде бір ұқсастығы бар ма, құрдастарының сыртынан қойған «Сталин» деген лақап аты болатын. Өрине, ішкі жан-дүниесі Сталинге мүлдем ұқсамайтын.

Ер үстінде ұйықтамасаң, Атқа мініп нең бар? Халық қамын ойламасаң, Датқа болып нең бар? - деген екен Саттар Ерубаев 23 жасында. Иә, Сәрсенғали аға мүлдем демалуды білмейтін. Үнемі шопандардың жағдайын біліп, егіншілермен сұхбаттасып, ауыл тірлігіне көңіл аударып, үнемі ат үстінде жүретін.

Біздің ауыл бұйра-бұйра құмы бар құмайты жер. Ауылдың көркі – талы, тамырын жайған ағашы емес пе? Сол құмды ауылдың кіреберіс шетін орман қылған да осы Сәрсенғали аға. «Артыңда мал қалғанша, тал қалсын» - деген осы! Ұзақ жылдар күзетшісі Есен ата болғандықтан бұл күнде «Есенталы» атанып кеткенімен, сол талдарды Сәрсенғали аға өз қолымен екітіріп еді. Қазір ауыл сол тоғайымен көркіті. «Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын ардақтай біледі. Сондықтан да ол әр уақытта мейірімді, жайдары, сыпайы келеді» деген А.П.Чехов.

1995 жылы мен қырыққа толдым. Анамды тойға шақырғаныммен, келе қояды деп үміттенген жоқпын. Ол кез елдің бөріне белгілі, бензин жоқ, еңбекақы уақытылы төлен-бұрді, халық күйзеліске түскен, құрттап кеткен ұнды илеп, талғажау жасаған, не нерсе де тапшы жылдар болды. Ол жылды еш уақытта ұмыта алмаймын.

Есік алдына келіп тоқтап жатқан үлкен «Зил» машинасынан түсіп жатқан марқұм Жәмила апам мен анамды көргенімде, қуаныштан ба, күтпегендіктен бе, отыра кетіп жылағанымды білемін.

Сол жылы анам ауырып жүр екен. Соңғы сапары екенін сезді ме екен, «Зил» машинасына менің еншім деп бұзаулы сиыр, қашар, сауын ешкіге дейін өкеліпті. Өрине, ішінде Аманжол жездем мен Жәмила апамның да тойға шашуы бар.

Иә, айтамын, алдына көмек сұрай барған анамның меселін қайтармай, сонау Орал облысының Ақжайық ауданына үлкен бір машинаны беру – ерлік демей көріңіз! Анам айтпақшы, «мұндай жақсылықты туған балаң да жасай алмайды» - деп. Бүкіл өмірін қиындықпен өткізген жалғызбалық анамның өтінішін жерге тастамай, елдегі қиын жағдайға қарамай, осындай жақсылық жасаған адамды халқы қалай ұлық

көтермесін?

Адамның бағасын өзі емес, өзгелер қояды. Сол анам ағаға алғысын жеткізе алмай, маған аманаттап өмірден өтіп кетті. Өтпеген-ай, сол аманатты, анамның ақ алғысын жеткізіп үлгерме алмадым. Бар-жоғы бір-ақ күн кешіктім. Мен анамды ауылға алып келген күннің ертесіне Сәрсенғали аға қайтпас сапарға аттанып кете барыпты.

...Қарасында болдым. Шығарып салуға келген жер қайысқан халық. - Наурыз күні келіп құттықтап, көрісіп шығатын еді. Сәлемі түзу еді. Халық қамын ойлайтын нағыз азамат еді, - деп жоқтап жатты қарттар мен үлкендер жағы. Шынымен де ешбір директорға ұқсамайтын ерекше жан еді. Басқа совхоздың басшыларының астында бір-бір «Вольгадан» болса, Сәрсенғали ағада ол да жоқ еді. Өдетте басқаның үйінен табылмайтын нәрсе директордың үйінде болатын. Қайтыс болғанда үйінде артық ештеңе болмағанын халық өлі күнге дейін таңғалып айтады.

Адалдығына, тазалығына өзім де күй болғанмын. Бірде бір шопанның шаруа жайын білуге бардық. Кетерде: «Марқа сойғызбадыңыз, мынау сіздің сыбағаңыз» деп шопан бір қойды өкеліп, машинаның артына салды. Марқұм Сәрсенғали аға сабырмен: «Сенің мал басын аман шығарғаның менің сенен сыбаға жегенім» - деп қойды түсіріп тастады. Осы көріністер қанша жыл өтсе де көз алдымнан кетпейді.

Қоғамдық өмірге араласқан сайын шынайы өмірді көре бастайды екенсің. Ары да, жаны да таза Сәрсенғали ағадан аз уақыт болса да алтын өнегем көп болды. (Оның бер жағында Сәрсенғали ағаға ұқсамайтын жемқор басшылар көбейіп кетті ғой).

Менің ұзатылу тойымда: «Ғазиза, аз уақыт болса да қызметтес болдық. Жастармен аз уақыт ішінде көп жұмыс істедің. Көп көмегің болды. Бақытты бол, айналайың!» - деп маған ұлттық көйлекті тарту етті. Сол көйлек менде өлі сақтаулы. Сәрсенғали ағаның көзі.

Өмірден ерте өтсе де еңбегін болашаққа мол сіңіріп кеткен жан еді. Өзі көрмейтін кеткен ауылда бұл күнде Сәрсенғали ағаның қолтаңбасы көп.

Бәрін де қойшы, бәрі де өтер тоқтаусыз, Өмір ме, өмір, өспей де өшпей жоқ-барсыз. Кезегім келіп, кеткенде қайтпас сапарға, Хабарсыз, ізсіз қалмасам екен жоқтаусыз, - деп Мұқағали жырламақшы, Сәрсенғали аға сияқты абзал да ардақты жан жоқтаусыз қалмайды. Артына өнегелі өмірін қалдырған Сәрсенғали ағаны «Жақсының аты өлмейді» дегендей, елі мәңгі жадында сақтайды.

Ғазиза РАХМЕТҚЫЗЫ, Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Ақжайық ауылы.

COVID-19 экспресс-тестінен өту үшін не істеу керек?

1 ҚР ДСМ Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының formcovid.eisz.kz/index.html сайтында сауалнама толтыру

2 Эпидемиологиялық іріктеу нәтижесінде **бірінші кезекте** тесттен өтетін азаматтардың санаттары көрсетілген.

3 Азаматтардың осы санаттары коронавирусқа экспресс-тесттен тегін өтеді



© «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2020 жыл



COVID-19 ТЕСТІНЕН ӨТУ ПРОЦЕДУРАСЫ

1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін COVID-19 тестінен өту процедурасын басқа талдаулар қабылданбайтын, қатаң түрде биоматериал алу үшін ғана белгіленген бөлімшелерде өткізіледі (сауалнамаларды іріктеу қорытындысы бойынша).
2. Пациенттер экспресс-тестке тек белгіленген уақытта шақырылады. Қан тапсыру бөлімшесінің алдында кезек күтіп тұрғандар арасында 1,5-2 метр арақашықтық сақталуы керек. Ғимарат ішіне бір-бірден кіреді.
3. Кіретін және шығатын пациенттер легі екі жаққа бөлінеді.
4. Медициналық маска тағу міндетті.